

Хабарландыру

«Астана қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалында 2024 жылғы 2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2025 жылғы 14 қаңтар аралығында «Астана қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері» қызметкерлері үшін келесі босатылған қызметтік тұрғын үйлерді бөлуге құжаттар қабылданады:

1) Астана қаласы, Қ. Рысқұлбеков көшесі, 16А үй, 142 пәтер мекенжайында орналасқан екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй;

2) Астана қаласы, Қ. Рысқұлбеков көшесі, 16А үй, 55 пәтер мекенжайында орналасқан екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй.

Қызметтік тұрғын үй беру Ережелерімен және қызметтік тұрғын үйді алуға тапсырыс беру үшін құжаттар тізімімен www.nis.edu.kz сайтында таныса аласыздар.

Қызметтік тұрғын үйді алу үшін үміткерлерден өтініш және құжаттар жиынтығы 2025 жылғы 15 қаңтар күні 10.00 сағатқа дейін Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21 үй, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, (кадрлар жөніндегі инспектор кеңсесі) мекен жайы бойынша қабылданады.

Тұрғын үй комиссиясы қарау үшін құжаттар Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1 үй, 2-қабат, № 207 бөлме мекен жайы бойынша 2025 жылғы 15 қаңтар күні 18.00 сағатқа дейін мерзімде тұрғын үй комиссиясының хатшысына өткізілуі тиіс.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 23 57 00, ішкі. 1166
8 (7172) 57-57-85, ішкі 2519

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

- 1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неке қию (некені бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- 4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
- 5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;
- 6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);
- 8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.